

Қымбатты оқырман қауым! «Сарыарқа шежіресі» деп аталатын жаңа айдар – белгілі тарихшы, этнограф Жамбыл Артықбаев пен «Орталық Қазақстан» газеті ұжымының арасындағы ынтымақ, келісімнің нәтижесі. Бұлайдармен біздің өлкеміздің ғасырлар қойнауында бұғып жатқан сан-қилы та-



1. Қазығұрт

Қазығұрт (Қазықұрт) – қазақ еліне белгілі атау. Қазақ түгілі, өткен ғасырда оңтүстік өлкесінде ғылыми сапармен болған географ И.В.Мушкетов деген ғалым Қазығұртты «Киргизский Арарат» деп атайды. Арарат деп атауына себеп бар. Нұқ Пайғамбардың заманында жер бетін топан су басып, адам баласы, жан-

«Сарыарқа шежіресі»

рихының мәселелері көтерілді. Ел мен жердің тарихы, мемлекет қайраткерлерінің өмірі, көптеген көмескі оқиғалар осы айдармен жарияланған мақалаларда өз анығын, шындығын тауып, ертеңгі күні кітап болып шығады деген үмітіміз бар. Осы маңызды іске ат салысқан ел ақсақалдары, мектеп тарихшылары, жалпы оқырман сол ертеңгі баспа бетін көретін «Сарыарқа шежіресі» кітабының авторлары болмақ.

Біздің міндетіміз сіздерге ой тастау, тақырып беру, ғылыми-кеңес айту. Қалған шаруа, яғни естігеніңізді, көудесі хат көнекөз ақсақалдардан шежірені сұрап-білу, тарихи орындар мен ескерткіштерді суретке түсіру, Қолдан суретін, жоспарын жасау сіздерге міндет. Аса қызықты, тарихқа керекті болған жағдайда ғылыми экспедиция ұйымдастырып, сіздерге көмек көрсетпек жоспарымыз да бар.

Әрине, бұл жұмыс ертерек басталуы керек еді. Қазір ортамызда көнекөз қариялар да аз қалды, ескерткіштер де заманадан төперіш көріп қирап жатыр. Дегенмен, сол қариялардан қалған шәкірттер бар шығар, ескерткіштердің кей жерлерде жұрнағы сақталған болар. Ең болмағанда соларға ие болайық. Сарыарқа – алтын қонысымыз, қазір тура Қарағанды облысының шекарасында жатыр. Біздің мемлекеттігіміздің алтын қазығы болған, бірнеше мыңдаған жылдар көшпелілердің алтын қонысы болған Сарыарқа өлкесі қойнына бүккен сырын әлі ақтарған жоқ. Сарыарқа туралы әлі күнге бір дұрыс тарихи-танымдық кітап шыққан жоқ. Осы іске ат салысайық, ағайын!


жануар құрып кететіндей болған екен. Сол топан судан тек Нұқ пайғамбар өзінің үш баласымен, үш келінімен тірі қалған екен дейді ескі аңыз. Нұқ Пайғамбар жан сақтаған кемеңнің ішінде жан-жануар бір жұптан болған екен. Қазіргі адам баласы, жер бетіндегі тіршілік өз бастауын осы Нұқтың кемесіне мініп тірі қалған адамдар мен жан-жануарлардан алады. Түркі-моңғол, т.б. халықтардың түп атасы – Нұқтың үшінші, кенже баласы Яфет екен деуге себеп те осы.

Жер бетін топан су басқан уақытта Нұқтың кемесі Қазығұрттауына келіп тоқтаған дейді қазақтар. Еврейлер Сион, арабтар Жуды, армяндар Арарат тауын атайды. Қай жерде, қай елде болсын Нұқтың кемесі тоқтады-мыс делінетін таулар ете қасиетті болып табылады. Біздің қазақ бабамыздың әлемдегі ең озық халықтардан қалмай Нұқпайғамбар қазақ жеріне тоқтады деп дәлел айтуы ғажап емес пе?! Қалай дегенмен, Қазығұрт тауы адамзат баласының тарихында керемет үлкен орын алатын бір қасиетті белгі болуы тиіс. Әлі күнге Қазығұрт тауының басына көтерілген қазақтар сол жерде жападан жалғыз есіп тұрған ағашқа әлем болып, дұға оқып жатады.

*Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол әулие болмаса неге қалған?
Ішінде екіқозы болған екен,
Шопан ата деген сөз содан қалған.*

*Қазығұрттың басында кеме қалған,
Ол керемет болмаса неге қалған?
Ішінде екіқұлпын қалған екен,
Қылқұйрық-Қамбар ата содан қалған, –
деп жырлайтын көлемді жыр тек қазақ арасында сақталған.*

Қазақ елі Қазығұрт дегенде ең алдымен Шымкент пен Ташкенттің арасындағы Қара-таудың бір көрнекті бөктерін айтады. Малғанға жайлы бір құт мекен. Бірақ Қазығұрт



тауы аласа, шамамен 600 метрдей ғана, жадағай.

Біздің осыған байланысты анықтағымыз келгені мына мәселелер: Сарыарқа өңірінде де бірнеше жерде Қазығұрт атауы кездеседі. Мәселен, Шет ауданының жерінде, Ақсу-Аюлыдан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан Қызылтаудың бір биігі Қазығұрт атымен белгілі. Биіктігі – 1072 метр. Орталық Қазақстанның ең бір биік нүктесі. Мәселен, атақты Баянауылда – Қызылтау таулары Қазығұрттан төмендеу (1020 метр шамасында). Тағы бір ерекшелігі – Шеттің Қазығұрты толып жатқан ескерткіштердің ортасында жатыр, қола, темір дәуірлерінің қорғандары мен ескі қоныстары бар. Егер билетін адамдар болса, осы жерде көне қаланың да орны табылуы керек. Ескі карталарға қарағанда қарлұқтардың «Қайқан» атты қаласы осы манда болған. Осы турасында қариялар, жер танитын адамдар не біледі екен?

Қазығұрт атанатын екінші биік бұрынғы Теңіз ауданы, Аршаты маңында болса керек. Тауда, өзен де Қазығұрт аталады. Ол да малғанға жайлы жер саналады. Осы Қазығұрт туралы ел ішінде аңыз-хикая бар ма, ескіден сақталған өлең-жыр бар ма, ырымдар бар ма?!

Орталық Қазақстанда Қазығұрт атанатын жер осы екеуімен шектеліп қалмас, Осы сөздің мағынасы да қызық болуы тиіс. Көне түркі тілінде «Құрт» деп қасқырды атайды екен, ал «қазы» дегені жердің малға жайлылығын аңғартуы мүмкін.

«Сарыарқа шежіресі»

(Жалғасы. Басы газетіміздің өткен санында).

2. Қазылық

Ерте уақытта Сарыарқа жерінің таулы бөлігі Қазылық аталғанын көп адам біле қоймайды. Бұл сөздің мағынасы да әлі түсінікті емес. Қазылық Дөп малға жайлы, шұрайлы жерді айтады деп жорамалдауға болады.

Біздің бұл мақалада осы Қазылықтың шекарасы сөз болмақ. Кей деректерде «Үш Қазылық» деген атау кездеседі, кейде «Бес Қазылық» делінеді.

Ә.Бөкейханов Ақайдың Хасеніне «Қазақ» газеті арқылы бір хат жазып, қаракесек руының Ата қонысы Арқаға келуіне байланысты: «Қарқаралы, Қарақуыс, Едірей, Қу, Баянаул тауларын Бес қазылық дейді. Бұл мал кіндігі», – деген өңгімені айтады.

Орталық Қазақстандағы жер аттарына қатысты XVIII ғасырдың орыс-қытай деректерін алып қарасақ: Қу-Қазылық, Кент-Қазылық, Қарқаралы-Қазылық деген атаулар кездеседі.

Егер оқырман бұл жөнінде толық хабардар алғысы келсе, онда менің «Қазақстан тарихы» (оқулық-хрестоматия), «Қаз дауысты Қазыбек би» сияқты кітаптарымды ақтарса болады. Әсіресе, Арқа жерін XVII ғасырдың 30-40 жылдары біраз уақыт жайлаған қалмақтың дүрбет, хошоуыт сияқты тайпалары осы аты аталған жерлерде қоныс тепкен.

Кент-Қазылық тауында қазіргі күні қираған ізі ғана жатқан «Қызыл Кеніш сарайы» сол қалмақ уақытынан қалған ескерткіш, будда дінінің

ғибадаханасы болуы тиіс. 1640-шы жылдары осы Кентке қалмақтың ғұлама ғалымы, ақылгөй кемеңгері Зая Пандита келіп бір жыл қыстаған. Сол кездегі қалмақтың белгілі ел басшылары Далай тайшы, Күнделең тайшы, т.б. осы Қазылықта көп із қалдырса керек. Күнделең тайшы Есім ханның баласы Салқам Жәңгір ханмен өте жақсы араластықта болған. Жәңгірдің шешесі осы Күнделең тайшының қызы.

Кейбір тарихи оқиғаларды, жер жағдайын сараптай отырып «Үш Қазылық» дегеніміз Қарқаралы, Кент, Қу таулары ма деп болжауға болатын сияқты. Нақты анығын, мүмкін кәріқұлақ ақсақалдар білетін болар. Тіпті ақсақалдар аз болса, кәрі әжелерден де осы мәселені сұрап алған дұрыс.

Қазақтың арасында бертінде дейін сақталған өлеңнің бірі «Қалмақтың жерімен қоштасуы» деп аталады. Бір-екі ғасыр Орталық Қазақстанды мекен етіп, әбден бауыр бастқан қалмақтар:

Он екі Қазылық, ой Түндік,
Маңырап жатқан қой түндік,
Қайран да, қайран, қайран тау,
Маған панаң тиген тау,
Әкем күйеу болған тау,
Анам келін болған тау, –
деп көтерлерінде қоштасып жылаған екен дейді.

Көмекей жырау Бұқардың да:
Он екі Қазылық, ой Түндік,
Шауып шықтым белеңге, –
деп басталатын толғауы бар.
Осы «он екі Қазылықты» санап



бере алатын ақсақалдар бар ма, мүмкін осы тізімге сонау Шыңғыс таудан (Ханшыңғыс) бастап Баянаулаға дейінгі Арқаның ірі биігінің бәрі кіретін болар. Жалпы жобасы Балқаш пен Ертіс арасындағы қазақ баласының қасиетті қонысы осы жер ме екен.

Бұл екі ара көне заманда (біздің жыл санауымызға дейінгі III-II мыңжылдықтар) кен өндірген, дүние жүзіне, Мысыр мен Парсыға, Грек пен Үндіге) металлургиялық орталық, қазына атымен танылған жер. Дешті Қыпшақ заманында «Шығыс Дешті» деп араб саяхатшылары жазады. Олай болса дәл ортасынан Түндік өзені ағатын Сарыарқа өлкесі болса керек «он екі Қазылық». Кімнің қандай пікірі, дерегі бар екен осы тақырып туралы?

(Жалғасы бар).

«Сарыарқа шежіресі»

(Жалғасы. Басы газетіміздің өткен санында).

Қазақ жерге ат қоюға өте шебер халық. Жер атауына терең үңілген жағдайда тарихтың небір тылсым сырын аңғарамыз. Жер тарихы мен ел тарихы егіз екеніне көзіміз жетеді. Сарыарқа деген атаудың өзі неге турады. Жалпы Арқа атауымен сонау Чаны көл (Батыс Сібір) – Ордан бастап Бетпаққа дейінгі далалы алқап танымал, соның тура ортасы, шаңырағы – Сарыарқа.

Осы Сарыарқада «Шүршіт» атымен байланысты бірнеше жер кездеседі. Біздің бұл тақырыбымыз осы Шүршіт атауына байланысты – Шүршіт қырған, Шүршіт биік қарауыл, Шүршіт қонған сияқты тарихи орындарға арналады. Жүрегі елгезек, көзі қарақты, жады берік азаматтар осы атаулардан бір қызық тарихтың құлағы көрініп тұрғанын аңғарып та қалған болар. Біз өз білетінімізді қысқаша баяндайық, ал сіздер толықтыра жатарсыздар. Өз естіп-білгендеріңізді, не көргендеріңізді, тапқандарыңызды авторға, не редакцияға хабарлайды деп үміттенеміз.

3. Шүршіт қырған

«Шүршіт биік қарауыл» деген жерді Мәшһүр Жүсіп Көпеев езінің «Еңсегей бойлы Ер Есім Түркістанда қазақ ханы болып тұрған кезде Ташкентте Тұрсын хан қатаған деген жұртты билеп тұрды, – деп бастайды өз әңгімесін Мәшһүр Жүсіп. – Екі хан күндердің бір күнінде келісіпті. Есім хан ұзын аққан Ертіске аттанып қалмақпен соғыспақ болыпты, ал Тұрсын хан күнбатыс Бұқар, Қоқан, Самарқанмен жауласуға дайын тұрмақ болыпты. Осы уағда бойынша Ер Есім хан әскерін бастап күншығысқа бас қойды. «Ол күнде Шу мен Сарысуды асқан соң ұзын аққан Ертіске дейін елсіз, жыртылып айырылған аңнан басқа дәнеңе жоқ екен. Шідертінің өзеніне келіп, тынығайық деп, қос тігіп жатты. Сонда Шүршіт биік қарауылдан қара көрінді...».

«Шүршіт биік қарауыл» қай жерде? Оқиға, Ер Есімнің жорығы 1627 жылы болса керек. «Шүршіт қарауыл» соған дейін бар нәрсе ме, кейіннен шықты ма? Мәшекең жәй ғана жер жобасын көрсетіп отыр

ма? Егер Шідерті болатын болса, ол жер біздің Сарыарқаға қатысты ма деп ойлаймыз.

Екіншіден, «Шүршіт қырған» деп атайтын жер де Қарағандыға таяу бұрынғы Молодежный ауданының «Трудовой» совхозы орналасқан жерде болса керек. «Трудоводан» «Шідерті» совхозына, яғни Қандыадырға қарай болуы тиіс дегенді ақсақалдар айтып еді. Толық координаттарын ешкім де біле қоймайды. Бұл жердің басында бір ескерткіш бар ма екен, көне мола, т.б. қалды ма екен, анығын білетін адам жоқ.

Біздің ойымызша, «Шүршіт қырған» атауы 1756-1757 жылдары қытай-қазақ соғыстарының нәтижесінде пайда болған. Әртүрлі архив деректерін «Бұқар жырау», «Қаз дауысты Қазыбек», «Қазақстан тарихы» кітаптарында келтірген едік. Олардың ішінде, әсіресе, Қытайдың өз деректері толық та, қызық. «Шүршіт» деп қазақ жалпы Қытайды атағанымен, ол ең алдымен билеуші әулетке қатысты сөз. 1644 жылдан бастап Қытайды мәнжүр

әулеті биледі, олардың түн негізі Амур өзені бойын мекен еткен ежелгі «чжурчжен» тайпалары. Осы чжурчжен – шүршіт сөзінің төркіні.

Қытай әскері екі топ болып барлық саны 20 мыңнан астам Қарқаралы, Баян жерінде қазақпен соғысқан. Деректерде Жарлы, Нұра, Қу-Қазылық атты жер аттары бар. Қазақ әскерін бастаған Абылай хан сонау Алтын Емелден бастап қаша соғысып Қытайды әбден болдыртып, шаршатып, Сарыарқаға жеткен. Баянаула-Қарқаралыға іліккен уақытта қыс басталып кетіп, қытай әскері қырылған. 20 мың әскерден 3 мың ғана адам тірі оралды деген деректер бар. «Шүршіт қырған» атауы осы оқиғаның белгісі болар.

«Шүршіт қонған» дегенді естігеніміз бар, кергеніміз жоқ. Шамасы 1824 жылы Уәли баласы Ғұбайдолланы хан сайлаймыз деп келген қытай делегациясының қонған жері болар. Едірейге таяу жер ме деп ойлаймын, анығын Алла біледі.

**Ж.АРТЫҚБАЕВ,
тарих ғылымдарының
докторы.**

(Жалғасы бар)



(Соңы Басы газетіміздің өткенсандарында).

Қазақ руға бөлінетін халық. Қазақ деген елдің негізгі құрамы өз таңбасы, өз ұраны бар көшпелі рулардан құралған. Қазақ рулары тарихи-этнографиялық тұрғыдан бірсыпыра зерттелді деп айтуға болады. Оған соңғы кезде көп жариялана бастаған шежірелер де куә. Сонымен қатар қазақ ішінде төре, қожа, төлеңгіт, сунақ, келеген сияқты көптеген әлеуметтік-этнографиялық топтар да бар. Дәм жазса, болашақта біз олар туралы жеке әңгіме айтамыз. Ал қазіргі әңгімеміз қалмақ руы жөнінде.

Қалмақ рулары Сарыарқа жерінде көп кездеседі. «Тоты қалмақ», «Қыз қалмақ», «Қызыл қалмақ», «Бала қалмақ», «Бес қалмақ», т.б. ру-ата балалары Қарағандының өз басында да, ел ішінде де бар. Бұлардан тыс, атасы қалмақ болыпты делінетін «жетімек», «жалаңтөс», т.б. рулар бар. Олардан басқа, арғы нағашыларымыз қалмақ еді, атамыз жаугершілік кезінде әкелген екен әжемізді деп, немесе арғы атамыз бала кезінде қалмақ қолына түсіп, кейін қашып елге келіпті деп

«Сарыарқа шежіресі»

4. Қалмақ рулары

түбін бұлдыратып жіберетін елдер бар. Бұл тақырыпта бұрын-соңды ғылыми-зерттеулер жасалған жоқ. Ел ішіндегі аңыз-әңгіме, өлең-жыр, шежірелер ыждаһатпен көңіл бөлуді талап етеді. Оқырман қауым бұл шаруаға өз үлесін қосады деп сенеміз.

Құрбанғали Халит дейтін шежіреші:

Алаш, Алаш болғанда,
Алаша хан болғанда.
Қазақ, қалмақ,

ноғайлар,

Бәрі сонда бір болған,
— дейтін ескі жырдың
нұсқасын келтіреді. Осыған қарағанда қалмақтың келген түбі бір.

Мәшһүр Жүсіп:
Батырлар аттанысқа барған
екен,
Қалмақты олжа қылып алған
екен.

Сол қыздар мұнда келіп бала
тапқан,
Ана бол бәрімізге бөлек заттан.
Байлары біртін-біртін өлгенінде,
Өз мирасын үйретті Тәңірі айт
қан, — деп осы мәселені жырға
қосқан.

Анамыздың қалмақ затынан болуына Бұқар бабамыздың да уағыздары әсер еткенін:

Қалмақтан алсаң Мәһи бір
зайып,
Сүйегің қалмас далада, — деген бір ауыз үзіндіден-ақ сеземіз.

Шежіреге қарасақ Тоты қалмақтың әкесі Бүркітбай, оның әкесі Бекболат делінеді. Арғы жағын Алла біледі. Қарқаралы-Қазылыққа Тоты Бөкей сұлтанмен бірге келген екен дегенді естиміз. Ағалары Бұлбұл, Шибек те бірге келіп, біраз жылдан кейін Түркістанға қайтып кетіпті. Қазір олардың тұқымдары Созақ маңында болса керек. Тоты 1748 жылдары 13-те. Жыл есебін ата

санап та анықтауға болады: Тоты-Түктібай-Көшімбай-Шоқай-Мұсахан-Өмірзақ-Ерімбет. Немесе, қазақтың атақты ғалымы, Фарабиді қайта жаңғыртқан Ақжан Машанов шежіресін байқайық: Тоты-Байтемір-Машан-Жақсыбек-Ақжан.

Жарайды, Тоты Бөкей сұлтанның жанында нөкер болып жүрсін, ал қыз қалмақ, қызыл қалмақ, т.б. қалай келді Сарыарқаға. Бұл жағы өлі түсініксіз.

XVII ғасырда Алтай тауларынан бері жылжыған қалмақтың бірсыпыра елі Баянаула-Қарқаралыға келді. Біраз Яыл осы жерде қоныс та тепті. Кейін қазақ рулары бұларды қайта Жоңғарияға қарай тықсырды. Сонда қалмақтың айтқан сөзі осыған куә:

Үш атамыз өткен тау,
Үш мың қара біткен тау...
Сен есіме түскенде,
Көзімнен ағар жастарым...
Үмбетейдің Бөгенбайды жоқтайтын жырын еске алайық:
Баянаула, Қызылтау,
Абыралы, Шыңғыстау,
Қозы маңырақ, Қоймаңырақ
Арасы толған көп қалмақ!

Сарыарқа қалмағының түбі сол «көп қалмақ» екеніне дәлел бар ма ел арасында? Бірлі-жарым қалмақ 1756-1757 жылдардағы соғыста Әмірсана қонтәжімен бірге қазаққа келіп қосылып, сол себептен қазақ Қытаймен соғысты. Әмірсананың қалмағы түгел қазақ атанып кеткен болар. 1771 жылы Ресейдің тепкісіне шыдамай Еділдің құба қалмағы Жоңғарияға қашты. 100 мың үйдің 30 мың үйі ғана Қытай шекарасына аман жетіпті, қалғаны қазақ жерінде қалды. Олай болса қазақ ішіндегі қалмақ саны біздің ойлағанымыздан көбірек болуы тиіс. Қалмақ руларының шежірелерін жинау және зерттеу XVII-XVIII ғасырдың кейбір беймәлім тұстарын анықтауға көмектесуі мүмкін.

5. Сағана (Сахана)

Қазақ құдайдан да бұрын аруақты сыйлаған ел. Қазақ елінің өзіндік ғажайып салты да осы дәстүрінен көрінеді. Аталарына арнап қазақ сияқты шашылып ас беретін ел жоқ. Қазақ өзі қайыршы болып жүрсе де атасының басын көтереді, зәулім бейіт соғады. Жауға шапқанда да қазақ аруақты аузына алып шабады. Осы себептерге байланысты қазақ жеріндегі, соның ішіндегі Сарыарқадағы ескерткіштердің көпшілігі бейіттер. Ертерек уақытта «мола» деген сөз көп қолданылған сияқты, қазір «бейіт» деп көп атайды. Кей-кейде «там» депте атайды. Мәселен, «атасына арнап там соғыпты» десіп жатады.

Қазақ молаларының көпшілігі төртқұлақ келеді. Не тастан, не шымнан, не кірпіштен төрт қабырға көтеріп, бұрыш-бұрышын едірейтіп қояды, ай бекітеді, т.б. Мәйітті не жарма қылып, не лақаттап жерлейді. Осы дәстүрдің бәрі де ертеден белгілі дәстүрлер. Тек әртүрлі рәсімдерді өткізерде ерекшелік кездеседі. Мысалы, Сарыарқаның Қарағанды жағы өлген адамның жетісін, қырқын, жылын береді, ал Жезқазғаннан оңтүстікке қарайғы ел оларға қосып жүзін де атап өтеді. Бұл мәселе әлі де тиянақты зерттеуді қажет ететін сияқты. Кейде бір ерекшеліктер рулық дәстүрлерге қарай ыңғайланады, әр рудың өз дәстүрінде ерекшеліктер болады. Пәленше жерде де айту осыған байланысты қиын. Дәл осы жерде екі ру отырса, екеуінің салтында ерекшелік болуы мүмкін.

XVIII ғасырда, жаугершіліктің салдары болуы керек, обалап қою Сарыарқада көп кездеседі. Қазақтікі екенін тек басындағы ру таңбасынан айырасың. Өткен жылдары экспедициямен Бұлантыдағы Қалмаққырғанда, Айдаһарлы-Құдайберліде, Теректі әулиеде, Жошы күмбезі орналасқан жерде, Баянаулада Қожа қорығы дейтін

жерде, т.б. XVIII ғасырдың үлкен қорымдарын көрдік. Көпшілігі оба, бәрінің басында да ру таңбалары бар. Бұл өзі жеке тақырып.

Сонымен қатар ғылым үшін тіпті түсініксіз, беймәлім жерлеу салттары, ескерткіштер де кездесіп қалады. Соның бірі «сағаналап» (саханалап) жерлеу. Саханалап жерлеудің негізгі тәртібі, біздің білуімізше, мынадай.

Көр жер астынан үй сияқты қазылады. Төбесі күмбез болып, не шатыр болып жер бетінен көтеріліп тұрады, ішінде төменге түсетін саты болады. Көрде (үйде) жағалай сәкі орнатылады. Өлген адамның денесін (мәйітті) сол сәкілердің біріне қояды. Еті аққаннан кейін сүйекті аржағындағы шұңқырға ысырып қойса керек. Мәйіт кебінге оранған күйінде ашық жатады. Ағайын-туған барып дұға оқып, сахана ішіндегі сатымен төменге түсіп тұрады.

Саханалап қою тәртібі Сарыарқа жерінде осындай. Ал, енді, жергілікті ерекшеліктері бар ма, ол жағынан бізде мәлімет жоқ. Шама-сы саханалап жерлеу бір ата, немесе бір ру ішінде сақталған ескі дәстүрлерге байланысты болса керек. Өз туыстарын бір жерге – бір

қорымға, бір саханаға жерлеу ертеден келе жатқан салт. Сахананың бір көрнекті нұсқасы Ұлытау жерінде, бұрынғы «Шеңбер» совхозы маңында бар деп естиміз. Тағы бір саханалау туралы Нұра бойынан (Алғабас ауылы), бұрынғы Теңіз ауданынан, т.б. келген деректер де бар. Бірақ арнайы ғылыми түрде зерттелмегендіктен ештеңе айта алмаймыз. Жалпы Нұра ауданы жерінде, алтай-темеш арасында көнеден келе жатқан ескерткіш пен әңгіме көп болуға тиіс, бірақ іздеушісі, жанашыры жоқ. Өз-өзімен бұйығы жатқан ел Мүмкін оқырмандар ақсақалдардан сұрап біліп, бізге керекті деректерді жіберер деген үмітіміз бар.

Қазақтың соңғы әулиесі атанған Мәшһүр Жүсіптің жерлену дәстүрі осы саханаға келеді. Ол кісінің мәйіті, сол қалпында 1951 жылға дейін ашық жатқанын бірсыпыра ел біледі.

Жалпы саханалап жерлеу өте әріден, сонау арий-тур заманынан келе жатқан дәстүр болса керек. Ескі зәрдүш дініне қатысты осындай жазба деректер бар.

**Ж.АРТЫҚБАЕВ,
тарих ғылымдарының
докторы.**

